

Жеке деректерді автоматтандырылған өңдеу тәртібі

«Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ сіздің жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісіміңізге сәйкес, Банк сізді жеке деректерді автоматтандырылған өңдеу тәртібі туралы хабарлайды:

1. Сіз өзіңіздің жеке деректеріңізді жинауға және өңдеуге келісім бергеннен кейін, Банк Банктің ақпараттық жүйелері мен дерекқорлары арқылы жеке деректерді автоматтандырылған өңдеуді жүзеге асыруы мүмкін, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: жеке деректерді жинау, жинақтау, сақтау, өзгерту, толықтыру, пайдалану, тарату, жекешелендіру, бұғаттау және жою;
2. Сіздің жеке деректеріңізді автоматтандырылған түрде өңдеу үшін Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен мемлекеттік дерекқорларға сұраныстар жасауға құқылы;
3. Сіздің жеке деректеріңіз Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде сақталады;
4. Жеке деректеріңізге өзгерістер мен толықтырулар сіздің өтінішіңіз негізінде енгізіледі;
5. Жеке деректер банк операциялары мен қызметтерін жүзеге асыру мақсатында пайдаланылады;
6. Жеке деректеріңізді үшінші тұлғаларға беру тек: - сіздің келісіміңізбен; - немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда ғана мүмкін болады.
7. Жеке деректеріңізді өңдеудің салдары Банктің клиентке қажетті операцияларды жүргізу және қызметтерді көрсету мүмкіндігі болып табылады;
8. Сіз өзіңіздің жеке деректеріңізді автоматтандырылған түрде өңдеуге қарсылық білдіруге құқылысыз, мұндай өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болып табылатын жағдайларды қоспағанда;
9. Жеке деректеріңіз дәл емес немесе заң бұза отырып жиналған жағдайда оларды өзгерту және/немесе толықтыру, бұғаттау немесе жою үшін Банкке хабарласу арқылы сіз өз құқықтарыңызды, бостандықтарыңызды және заңды мүдделеріңізді қорғауға құқылысыз.
10. Банк сіздің өтінішіңізді алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарап, сізге қарау нәтижелері туралы хабарлама жіберуге міндетті.
11. Сізде Банктің және жеке деректерді жинауға, өңдеуге және қорғауға байланысты құқықтық қатынастарға қатысатын басқа үшінші тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдану құқығы бар.

¹ дербес деректерді автоматтандырылған өңдеу - ақпараттық технологиялар объектісінің меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тараптың өңдеу процесіне қатысуын болдырмай, дербес деректерді өңдеуі;